

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «Аягүл» бөбекжай - бақшасы МКҚК

Откізінесті
29.10.2025 ж.
Жауап

Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі



Жауапты: Н. Оспанкулова

2025 жыл

Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі арқылы балалардың сөйлеу және мінез-құлық мәдениетін дамыту

Мақсаты:

- Ата-аналарға халық ертегілерінің тәрбиелік мәнін түсіндіру
- «Үйшік» ертегісі арқылы баланың сөйлеу, тыңдау және достықты бағалау дағдысын қалыптастыру жолдарын көрсету
- Үй жағдайында баламен ертегі оқудың тиімді әдістерін ұсыну

Қысқаша мазмұн:

«Үйшік» — достық, бірлік, татулық туралы халық ертегісі. Әр жануардың үйшікке келуі, бір-бірімен тіл табысуы, ақырында бірге тұруы – баланың әлеуметтік қарым-қатынас дағдысын қалыптастырады.

Ата-аналарға ұсыныстар:

1. Ертегіні бірге оқу:

- Баламен бірге оқып, әр кейіпкердің дауысын салып көрсету.
- Сұрақтар қою : «Қоян не деді ? » «Аю не істеді ? »

2. Рөлмен ойнау :

- Баламен бірге «Үйшік» ертегісін сахналау.
- Үйшік макетін жасап, ойыншықтармен ойнау.

3.Мазмұнын айтып беру :

- Баладан ертегіні өз сөзімен айтып беруін сұрау.

4.Тәрбиелік мәнін түсіндіру :

- Достық,өзара көмек ,қонақжайлылық туралы қысқаша әңгімелеп беру.

Қорытынды: «Үйшік» ертегісі – балаларды бір-бірін тыңдауға, қабылдауға және ортақ шешім табуға баулитын тиімді құрал. Ата-ананың қатысуы – баланың сөйлеу және ойлау қабілетін дамытудың ең маңызды бөлігі.

